**«Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша талдамалық**

**АНЫҚТАМАСЫ**

13.03.2023ж

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының (әрі қарай Қағида) 6 п. 4 п.п. сәйкес 2023 жылдың І жартыжылдығына «Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау негізінде «Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша Қағиданың 6 п.3 п.п. сәйкес комиссия құрылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау барысында «Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасына өзінің қызметінде басшылыққа алатын кодекстер, заңдар, нормативтік құқықтық актілер және құқықтық актілері қарастырылды. Мемлекеттік органның ережесін қарастыру бойынша «Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасында нормативтік-құқықтық актілерге қатысты қызметіне талдау жасалынды.

2023 жылдың І жартыжылдығына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне осал қызмет салаларын қамтыды:

1. **Білім беру ұйымына жұмысқа орналасу кезінде кадрларды таңдау.**

Қызметкерлердің штаттық саны:
штаттық саны- 18 , педагогтар – 6. Бос орындар жоқ.

Жұмысқа қабылдау enbek.kz сайты арқылы жүзеге асырылады.
Білім беру мекемесіне кадрларды таңдаудың негізгі әдістеріне мыналар жатады:
- сұхбат;
- ұсыныстарды, сипаттамалар мен жазбаларды тексеру;
- лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкестігі.

Мектепке дейінгі мекемелердің қызметкерлері Еңбек кодексін, «Педагог мәртебесі туралы» Заңды, Педагогикалық этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтайды.

Талдау кезінде Кодекстің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуымен байланысты тәуекел жағдайлары анықталған жоқ.

Сканировано с CamScanner

Персоналды есепке алуды жүргізуді зерттеу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алғышарттарын жасайтын факторларға мыналар жатады:

- үміткерлерді біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін бос лауазымдарға жіберу, бұл жағдайда белгілі бір үміткерлерге бос лауазымдарға орынсыз артықшылық беру белгілері байқалады.

Білім беру ұйымының басшысына байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін іс-әрекеттерін талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ. Қызметкерлерге қатысты қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік істер жоқ.

«Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасында бала қабылдау электрондық үкімет арқылы жүзеге асырылады. Осының негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері алынып тасталды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында мектепке дейінгі мекемелердің қызметкерлері туралы сыни жарияланымдар болған жоқ.

«Айналайын»Тоқмансай бөбекжай-балабақшасында қызметкерлерінің әрекеттеріне шағым беру туралы сот шешімдері туралы ақпарат жоқ.

«Айналайын» Тоқмансай бөбекжай балабақшасының қызметіне сай прокурорлық қадағалау актісі ұсынылған жоқ.

**Ішкі талдау өткізілген нәтижелері бойынша келесі ң ұсыныстар жасалды:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, заңдардың және басқа да нормативтік құқықтық актілердің нормаларын түсіндіру бойынша құқықтық оқыту жүргізу;
2. Тұрақты негізде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
3. Білім беру мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарындағы (веб-сайттағы) жағымсыз материалдарға реакцияны бақылау,
4. Веб-сайтқа мектепке дейінгі мекемелердің қызметі туралы ақпаратты уақытылы орналастыруды қамтамасыз ету;

«Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін комиссия мүшелері:

1. Комиссия төрағасы: Балмағанбетова Р.Ж
2. Талдау жүргізуге жауапты тұлға: Габдуллина Г.Б
3. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы: Касанова С.Т
4. Комиссия хатшысы: Молдиманова Г.Х

Сканировано с CamScanner